

Линдавит

лактация

ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПА

Құрамы: 1 капсуласының құрамында:

белсенді заттектері:

Эйкозапентаен қышқылы (ЕРА)	140,00 мг
Докозагексаен қышқылы (DHA)	100,00 мг
Кальций (Кальций карбонаты)	120,00 мг
С дәрумені (Кальций аскорбаты)	66,112 мг
В3 дәрумені (Никотинамид)	16,00 мг
Е дәрумені (D-альфа токоферол)	12,00 мг
Мырыш (Мырыш сульфаты)	10,00 мг
В5 дәрумені (D-кальций Пантотенаты)	6,000 мг
Темір (Микроинкапсуляцияланған темір)	2,100 мг
В6 дәрумені (Пиридоксин хлоргидраты)	1,400 мг
В2 дәрумені (Рибофлавин)	1,400 мг
В1 дәрумені (Тиамин мононитраты)	1,100 мг
Йод (Калий йодиді)	0,200 мг
В9 дәрумені (Фолий қышқылы)	0,200 мг
D3 дәрумені 1,0 М (Холлекальциферол)	0,200 мг
D-биотин	0,050 мг
В12 дәрумені (Цианокобаламин)	0,025 мг

қосымша заттектері:

ара балауызы, қабығының құрамы: өгіз желатині, глицерин, оксид Negro бояғышы, оксид Rojo бояғышы, E-122 бояғышы.

Қолдану аясы:

Бала емізу кезеңінде әйелдің кейбір дәрумендер мен микроэлементтерге қажеттілігі артады. Біріншіден, әйелдің өзіне жүктілік пен босанудан кейін күшін қалпына келтіру, екіншіден, сәбидің өсуі мен дамуына барлық қажетті заттектер бар оңтайлы тамақтануды қамтамасыз ету қажет.

Линдавит лактация - тағамға биологиялық белсенді қоспа, дәрумендер мен микроэлементтердің

қосымша көзі ретінде ұсынылады. Жүктілік пен бала емізу кезінде пайдалы заттектердің тапшылығын толықтырады. Ал кешенді жоспарланатын жүктілікке дейін 2-3 ай бұрын қабылдау организмді жүктілікке дайындайды.

Кешеннің құрамына кіреді: йод - болашақ сәбидің жүйке жүйесінің дамуында маңызды роль атқарады;

докозагексаен және эйкозапентаен қышқылдары – сәбидің миы мен көруінің қалыптасуы үшін маңызды,

сондай-ақ, мидың қан айналымы үшін пайдалы; фолий қышқылы – ұрықтың қалыпты дамуы, босанудың

уақытылығы және одан кейін әйелдің тез қалпына келуі осы заттекке тәуелді; кальций – болашақ сәбидің

сүйегі мен тісінің, жүйке жүйесінің, жүрегі мен бұлшық етінің түзілуіне қажет; темір – анемияның алдын

алуға ықпал етеді.

Қолдану тәсілі және мөлшерлемесі:

Линдавит лактация ішуге арналған, күніне 1 капсуладан, тағамға қосып, аздаған сұйықтық ішумен

қабылдау қажет.

Тағамға биологиялық белсенді қоспа алуан түрлі және үйлесімді тамақтануды алмастыру үшін

қолданылмайды.

Қарсы көрсетімдері:

Препараттың құрамбөліктеріне асқан сезімталдық.

Ұсынылатын тәуліктік мөлшерлемесінен асыруға болмайды.

Басқа дәрумендік препараттарды осы препаратпен бір мезгілде қабылдау ұсынылмайды.

Босатылу шарттары:

рецептсіз.

Шығарылу түрі және қаптамасы:

15 капсуладан блистерде, 2 блистерден мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі

нұсқаулықпен бірге картон қаптамаға салынған.

Сақтау шарттары:

тығыз жабылған қаптамасында, күн сәулесінен қорғалған жерде, 15 - 25°C аралығындағы температурада

сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.

Жарамдылық мерзімі: 36 ай.

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №:

KZ.16.01.95.003.E.000760.09.17



Сауда белгісінің иесі:
Belinda Laboratories LLP.,
Лондон, Ұлыбритания

Өндіруші:
Laboratorios Liconsa S.A.,
Avda. Miralcampo, 7, Pol. Ind. Miralcampo
Гвадалахара, Испания.

Тұтынушылардан шағым-талаптарды қабылдауға өкілетті ұйым:
«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)
050000, Алматы қ. Панфилов көшесі, 98 үй, «Old Square» БО
Тел.: +7 (727) 300 69 71, e-mail: cepheusmedical@gmail.com